

Жауынгер-интернационалистерге ескерткіш (2000)



Лермонтов көшесіндегі жауынгер-интернационалистерге ескерткіш (телеорталық жанында – 2000 ж.)



1979-1989 жылдары Ауған соғысында қаза болған Павлодар облысы жауынгерлерінің тізімі

1997 жылғы 27 желтоқсан күні қала саяжалдарының бірінде Ауғанстанда қаза болғандарға ескерткіш орнату бойынша тас қойылды. Қаза тапқандарды еске алуға арналған саябаққа барған кезде осы тасты көруге болады.

2001 жылғы 19 мамырда ескерткіш салтанатты түрде ашылды. Көркем және сәулетті бейненің авторлары: мүсінші – Бота Қабыкенұлы Машрапов; сәулетші – Дүйсен Мұстафин.

Монументалды композицияны орнату орнына Кутузов-Дерибас-Лермонтов көшелері арасындағы сквер таңдалды. Ескерткіш композициясы жасыл реңктегі табиғи құм тасы (Баянауыл кен орны) құрылысымен қымталған. Тұғырда құм түсті, тұтас граниттен жасалған,

отырған жауынгердің тұлғасы. Композицияның артқы жағы сүйір діңмандайшамен аяқталатын табиғи құм тасымен қапталған, бұл аспанға кеткен жандарды білдіреді.

Дем алуға отырған жауынгердің бейнесі соғыстан, шайқастарда достарын жоғалтудан шаршаған, Отанын сағынып жүрген адамды көрсетеді.

Таста 35 павлодарлықтың есімі ойып жазылған.

Ауғанстан соғысы ардагерлерінің Павлодар облыстық одағының басқарма мүшелері: Николай Николаевич Залюбовский, Байғабыл Нұртазұлы Майкотов, Ертай Нұрышұлы Махметов, Мұрат Алшынбайұлы Байсекенов, Рүстем Кеңесұлы Әубәкіров, Олег Шторм ескерткішті дайындап, орнатуға белсене қатысты.

2003 жылғы 15 ақпанда жанында орналасқан № 5 мектепте «Еске алу» мектеп мұражайы ашылды, онда қаза тапқандар туралы материалдар жиналған және қазіргі уақытта Ауғанстандағы оқиғалар туралы, Павлодар және Павлодар облысында тұрып жатқан осы оқиғалардың қатысушылары туралы материалдар жинастырылуда. Мектеп оқушылары қаза болғандардың ескерткіші жанында қала мектептері мен колледждерінің оқушылары үшін саяхаттарды, митингтерді, еске алу минуттарын, гүл қою және басқа шараларды өткізеді.

Әдебиеттер:

Хусаинова, М.Б. Машрапов. / М.Б. Хусаинова – Павлодар, 2012. – 3 - 5, 50 б.

Жеңіс алаңындағы Ұлы Отан Соғысы майданында қаза тапқан павлодарлық-жауынгерлерге даңқ монументі



Даңқ мемориалы Жеңіс саябағында (бұрынғы Бірінші май), Қайырбаев, Бектұров, Кривенко көшелерінде орналасқан. Кеңес одағының батырлары – Павлодар облысының тумалары, Ұлы Отан соғысына қатысушылардың құрметіне орнатылған. Даңқobelіскісінің техникалық бөлігін Казсевсельпроект павлодарлық жобалау институтының қызметкерлері дайындады, ал бас жоспарды және композицияны мәскеулік архитектор, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты П.Витухин және мүсінші И.Виноградов жергілікті мүсінші И.Лопатинмен бірге дайындады.

Мемориал сәулет-мүсіндік композицияны ұсынады, 1975 жылғы 9 мамырда ашылды. Композицияның ортасында үш сүйір бұрышты үш қырлы стелалар найза түрінде (биіктігі 24 м) үш әскерлердің – армия, авиация және флоттың бірлігін білдіреді, трапецияға ұқсаған стилобатта орнатылған. Стелалардың іргесінде шығыс жағынан – қола веногы, бес бұрышты жұлдыздың ортасында Мәңгілік алауы жанған. Обелисктерден екі жағында



симметриялы гранит жиектері бойы 1941 және 1945 жж. датасымен және бес бұрышты жұлдыздармен қызыл жылтырлатылған трапецияға ұқсаған тастар орнатылған.

1979 жылы Бектұров көшесі жағынан саябаққа кіре берістен обелиск бар алаңға дейін кең – батырлар саяжолы бөлінген. Оның екі жағынан бір сатылы негізде биік пилоналар орнатылған. Олардың әрбірінің беткі қырында Кеңес Одағының батырлары И. В. Бабиннің (1899-1944), А.Ф. Горобецтің (1922-1961), А.Н. Елгиннің (1899-1944), С. А. Елистратовтың (1923-1947), К.Камзиннің (1919-1944), М.М. Катаевтың (1903-1944), И.И.Корневтың (1900-1945), И.В. Кутурганың (1924-1987), И.Г. Ледовскойдың (1920-1988), С.Мүткеновтың (1913-1944), К.А. Семенченконың (1896-1969), В.В. Степаненконың (1923-1945) және Даңқ ордендерінің толық кавалерлері С. Рубаевтің (1919-1945), Г.У. Ткачевтің (1914-1985), Б.Хайдаровтың (1919-1945) барельефтері бар.

1985 жылы Жеңістің 40 жылдығында обелиск және мәңгілік алау алаңының алдында үлкен блоктарда үш көлденең стела орнатылды. Стелаларда соғыс жылдарында қаза тапқан жерлестердің есімдерімен мемориалды тастары бар (1500-ден астам).

Блоктардың сыртқы қырларында қазақ және орыс тілдерінде: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды / Никто не забыт, ничто не забыто» сөздері.

1997 жылы саябақта Кривенко көшесінен басталатын саяжол салынды. Онда 1997-2002 жылдары Кеңес одағының батырлары М.Қайырбаевтың (1925-1996) және И.И.Кривенконың, Даңқ ордендерінің толық кавалерлері И. Д. Воружиннің, С.В. Орловтың, П.В. Пешиннің мүсіндері орнатылды. Осы жерде Кеңес одағының екі мәрте батыры Г.П.Кравченконың де мүсіні орнатылған.

Жауынгерлердің бейнелері портреттік кескіндерін беру арқылы шынай дәстүрде шешілген. Барельефтердің, обелисктердің және стелалардың материалдары – бетон, пилон (биіктігі 2,4 м) – гранит.



Әдебиеттер:

Жұматов Ғ. Бұл Жеңіс күні: [Жеңіс күніне орай үш дәрежелі Отан соғысы орденінің толық иегерлері П. П. Ботьбот пен В. Т. Христенкоға бюст ашылды] / Ғ., Жұматов. // Шаһар.- 2011.- 13 мамыр. - 3 б.

Кеңес Одағының Батыры Қ. Қамзин мүсіні



Ескерткіш Камзин және Толстой көшелерінің қиылысында, 1977 жылы Ұлы Октябрьдің 60-жылдығы атындағы саябағы ретінде салынған Камзин атындағы скверінде орналасқан. Қ.Камзиннің мектеп жылдары өткен Павлодар қаласында 1979 жылы орнатылған. Мүсінші И.П.Лопатин, сәулетшілер В.К.Юрковский, В.Я.Червонцев.

Қанаш Қамзин 1919 жылы 29 қарашада Павлодар облысы, Ермак ауданы, Жолқұдық ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Қанаш, оның үш ағасы және төрт апасы ата-анасынан ерте айырылды. 1931 жылы Қанаш павлодарлық балалар үйі-коммунасына берілді, ал 1934 жылы оны үздік оқушы және комсомол-қоғамшыл ретінде рабфакқа оқуға жіберді. Оны бітіріп, ол 1937 жылы Қазақ педагогикалық институтының география факультетіне оқуға түседі. Одан кейін әскери мектепті аяқтады. 1941 жылы Фрунзе

аудандық әскери комиссариатымен Қызыл Армияға шақырылды. Әскери мектепті бітіріп, 1943 жылдың басынан бастап 52 атқыштар дивизиясы, 429 атқыштар полкінің 3 атқыштар ротасының командирі болды. 1944 жылдың көктемінде Қамзиннің ротасы Молдавия КСР, Триасполь ауданы Бычек ауылының маңындағы Днестр жағасына шықты. 13 сәуірге қараған түні лейтенант Қамзин ротасымен өзеннен өтті – Гура-Быкулуй ауылына шығып, биіктікті алды. Биіктіктен шашылған от ауылдың оңтүстік-шығыс жағын әскерлермізбен басып алуға мүмкіндік берді. Осы шайқаста қол ұрыста Қ.Камзин қаза болды.

Днестрден өткен кезде көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін 1944 жылдың 13 қыркүйегінде Қ.Камзинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ескерткіш Толстой көшесіндегі абаттандырылған ашық алаңның ортасындағы стилобатта орнатылған сәулет-мүсінді композициясын ұсынады.

Қ.Камзин мүсіні төртбұрышты постаменттің кішкене сөресі бар жоғарғы бөлігінде орнатылған. Батырдың кейпі портреттік кескіндерді беру арқылы шешілді, кеудесінде – Кеңес Одағы Батырының «Алтын жұлдыз» медалі. Сөренің беткі қырында «Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзин» деген сөздері бар. Ескерткіштің тұғырында жауынгерлік даңқ символдарының бірі – жалын мен лентаның мүсіндік бейнесі бар. Мүсін материалы – шойын, стела титан қорытпасынан жасалған. Іргетас, алаң және стилобат гранит плиткасымен қапталған. Іргетасымен бірге мүсіннің биіктігі – 2,9 м, ескерткіштің жалпы биіктігі 3,8м.

Әдебиеттер:

Қ.Камзин: Кеңес Одағының Батырлары // Шаһар. – 2010. – 8 мамыр. – 6 – 8 б.

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. – 2010. – 6 мамыр. – 16 – 17 б. ; 8 мамыр. - 6 – 8 б.



Қалалық мәдениет және демалыс саябағындағы революционерлердің бауырластар зиратындағы ескерткіші

Ескерткіш генерал Дүйсенов көшесінде қалалық ойын-сауық орталығының шағын бағында орналасқан (бұрынғы қалалық бақ). Қабірге Павлодарлық Кеңес мүшелерінің жұмыскерлері, шаруа және солдаттық депутаттар және қызыл әскершілер жерленген. 1920 ж. қабірге ағаш ескерткіш, кеш кірпіштен қойылды (1922). 1957 ж. мүсіндік топтардың қосылуымен жаңа ескерткіш салынды. 1975 ж. жергілікті мүсінші И.Лопатинның жетекшілігімен аумақ көгалдандырылды және жабдықталды.

Ескерткіш халықтар достығын бейнелейтін қазақ пен орыстың екі тұлғасын бейнелейді. Мүсінші топтардың авторы С. Якубович, архитектор А. Цой.

Ескерткіш үлкен тұғырға орнатылған, оның қасында көлденең тақтада аты-жөндерімен 27 қаза тапқандар. Ескерткіште қаза тапқандардың аттары ойып жазылған: П. Ермаков, Ф. Прима, И. Дынкин, И. Лапин, К. Лапин, Д. Черкашин, А. Черкашина, Г. Неудухин, М. Ладоха, Т. Ольховский, Евдошенко, И. Лебедев, М. Стрельба, Богаткин, Г. Головин, С. Макарихин, С. Лосев, В. Пospelов, А. Иванов, Бенько, Шибаев, А. Кузенков, С. Царев, Кузнецов, С. Теплов, Б. Боратбаев, В. Кунавин.

Төменгі үшінші іргетаста «Вечная слава борцам, павшим за установление власти Советов в г. Павлодаре» мәтіні жасанды әріптермен жазылған шаршы блок тақта бекітілген

Тұғыр және мүсінбетоннан жасалған, қара гранит тас тақталары, тұғыр сұр гранитты тақталардан қапталған. Ескерткіштің көлемі 3,2 х 4,2 м. Жалпы биіктігі 5,5 м.

Ескерткіш үш сатылы стилобатта орнатылған.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [1920 ж. бұл бауырластар зиратында ескерткіш қойылған] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города. / Э. Д. Соколкин. – Павлодар, 2007. – 311 б.

Ленин кентіндегі Ұлы Отан Соғысы жылдарында майданда қаза тапқан жерлес - жауынгерлерге қойылған ескерткіш (1975)




Павлодар қ. Ленин кентінде 1975 жылдың мамыр айында Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін өз өмірлерін қиған жерлес - жауынгерлерге ескерткіш ашылды. Ескерткіш биіктігі 10 м. төрт қырлы бетон жазуы бар тастан қойылған. Төменде төрт қырлы төрт бұрышты дөңес жерге «1945-1975» жылдар деген жазулар мен Отан соғысы орденінің барельефі орналастырылған.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [Ленинский кентіндегі Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза тапқан жерлес жауынгерлерге қойылған обелиск] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города. – Павлодар, 2007. –183 б.

Ленин және Киров көшелерінде Павлодар Совдепі төрағасының орынбасары С.К.Тепловтың қаза болған жеріндегі мемориалдық тасы (1969)



Ескерткіш Ленин көшесінде орналасқан, Киров көшесінің бұрышы. Мектеп бойында бөлінген аумақта, Киров көшесіндегі желекжолының бас жағындағы межесінде тұр. Алдыңғы жағы Ленин көшесіне бұрылған. Мүсінші Р.Ершов.

Ескерткіш Павлодар уезінің жұмысшылар, шаруалар және солдаттар кеңесі төрағасының орынбасары С.К.Тепловтың қаза болған жерінің жанында 1969 жылы орнатылған. Қазіргі уақытта ескерткіш тұрған жерде ол 1918 жылы ақ гвардияшылармен айуандықпен өлтірілген. Большевиктер мен төңкеріс уақыты өтіп кеткен болса да, бұл бұрынғыдай біздің тарихымыз және біздің мәдениетіміз.

Семен Кононович Теплов (1880-1918), революционер, павлодар большевиктерінің басшысы. 20-шы ғасырдың 80-шы жылдар аяғында Павлодарда тұрды, тұз өнеркәсібінде, кеме механигі болып жұмыс істеді. Жұмысшылардың, шаруалардың және солдаттардың

бірінші кеңесінің жұмысына қатысты. 1918 жылдың наурыз-мамыр айларында – Совдеп төрағасының орынбасары.

Ескерткіш С.К.Тепловтың барельефті бейнесі бар, жылтырланған беткі жағы сұр-жасыл түсті тегіс, тік орнатылған (1х1,5 м) гранитті блок. Барельефтен төмен: «Осында 1918 жылдың жазында павлодар большевиктерінің басшысы С.К.Теплов ақ гвардияшылармен айуандықпен өлтірілді» деген мәтін бар. Блок 1,5х1,5м төртбұрышты гранитті плитаға орнатылған. Ескерткіш 1969 жылы 17 тамызда Ленин көшесінің мерекесі күні ашылды. Барельеф авторы – мүсінші Р.Ершов.

Кейінірек ескерткіштің тұсына 0,4 м биіктіктегі тікбұрышты, мәрмәр плиталарымен қапталған бетонды негіздеме салынды.

Әдебиеттер:



Соколкин, Э.Д. [Ленин және Киров көшелерінде Павлодар Совдепі төрағасының орынбасары С.К. Тепловтың қаза тапқан орнына қойылған мемориалдық тас (1969)] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города./Э. Д. Соколкин. – Павлодар, 2007. – 344 – 345 б.

Павлодар станциясындағы локомотив саябағында, Ұлы Отан Соғысындағы шайқастарда қаза болған депошы жауынгерлерге ескерткіш (1975)

Ескерткіш қаланың солтүстік бөлігіндегі Павлодар стансасының локомотив депосы скверінде орналасқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан теміржолшы-жауынгерлер ескерткіші Жеңістің 30 жылдығына орай 1975 жылғы 9 мамырда ашылды. Мүсінші Р.Ершов.

Обелиск ретінде ұсынылған. Оның қырларында Отан қорғаушыларының барельефтерімен металл плиталары бар. Барельефтердің пластикасы ықшамды және айқын. Бұл ызбарлы және батыл жауынгерлердің

жалпыланған бейнелері. Обелисктің алдыңғы қырында барельефтен жоғары жапсырма әріптермен «Памяти павшим», барельефтен төмен 1941-1945 датасы жазылған. Обелисктің іргетасына Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан депо қызметкерлерінің аты-жөндері және өмір сүрген жылдары жазылған ақ мәрмәр мемориалдық плитасы еңкейіңкі бекітілген. Ескерткіш бетоннан жасалды. Ескерткіштің биіктігі – 9 м.

№2428 Павлодар эвакогоспиталінде жарадан қайтыс болған қызыл әскерлерге Пахомов қабірстанының бауырластар зиратындағы обелиск

Туысбауырластар қабірі Пахомов зиратында орналасқан. Басында жауынгерлер зиратында символикалық әскери дулыға қалпақ табылды. 1948 ж. 9 мамырында туысбауырластар зиратында ескерткіштің ашылуы өтті. Зиратта Қызыл әскердің он үш жауынгері жерленген: Панин Александр Иванович, Садовников Арсентий Михайлович, Елистратов Александр Петрович, Яковлев Петр Александрович, Лыбин Валентин Иванович, Овсиевич Иван Власович, Мальцев Василий Трофимович, Красильников Федор Дмитриевич, Симонцев Иван Павлович, Иванюк Макар Тимофеевич, Иванов Николай Данилович, Радостаев Иван Александрович, Абдикаликов Мухян.

Ескерткіштің жобасы жергілікті суретшілер В.А. Критинин және Ж. Серикбаевтармен өңделді. 1970 ж. басында бес бұрышты жұлдызымен сатылы негізде екі параллелепипед түріндегі бетон ескерткіш орнатылды. Кешеуілдетіп ескерткішті алғашқы қалпын сақтай отырып граниттен жасады. Биік төртбұрышты кесік көлем тұтас блокты гранитпен жылтыратылған, бес бұрышты жұлдызбен екі шағын сөремен аяқталған, тұғыр үзілген гранитпен қапталған.

Гранитты тақтада мынадай тақырып: «Соғыста 1941-1945 жж. Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін өмірлерін қиған жауынгерлерге мәңгі ескерткіш» және жауынгерлердің аты-жөндері жазылған.

Ескерткіштің биіктігі: 2,5 м.



Тұғырдағы Т-34 танкі/Ленин көшесіндегі саябақ



Т-34 танкі Қызыл Армияның қарулануына 1940 жылы қабылданды. Танк, сол кездері болған «Молодая гвардия» қоғамдық ұйымының қатысуымен кеңес кезеңінде (1987 ж.) орнатылған. Кейінірек павлодарлық скауттар қамқорлыққа алды. Ескерткіш-танктің жанында өтетін көптеген қалалықтар, бұл машина кезінде қолданыста болғандығын аңғармайды, бірақ ол жауынгерлік әрекеттерге қатысқан жоқ – танк Аягөз полигонынан есептен шығарылды.

Жұмыстарды ұйымдастыру және еңбек ресурстарын тартуға байланысты барлық іс-әрекеттерді

«Жолдар» қоғамдық ұйымы өз мойнына алды.

Гранит тақтасында: «В память о ратных и трудовых подвигах павлодарцев в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.» деген сөздері ойылған.



«Т-34» танкі – бұл «Павлодар колхозшысы» танк колоннасын салуға ақша жинаған павлодарлық танкистер мен тылшыларын еске алу әскери даңқ символы.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [Ленин көшесіндегі ардагерлер скверінде] // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города./Э. Д. Соколкин. – Павлодар, 2007. – 345 б.

Ұлы Отан Соғысы майдандарында қаза тапқан №188 теміржол мектебінің түлектеріне ескерткіш



Бұл ескерткіш Мира 40 көшесінде орналасқан; 1965 жылы 8 мамырда ашылды. Мүсінші Р.Ершов. Майданға өз еріктерімен кетіп, Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған бұрынғы № 188 теміржол мектебінің (одан кейін № 108 мектеп, қазір № 43 мектеп) түлектеріне арналған ескерткіш Жеңістің 20 жылдығына орнатылып, 1965 жылғы 9 мамырда ашылды. 20-шы ғасырдың 20-шы жылдарындағы ағаш архитектурасының ескерткіші, қазіргі уақытта жойылған – Ильичев пионерлер үйінің ғимараты жанында орнатылған.

Ескерткіш биік тікбұрышты стеладан және қос сатылы іргетаста иығына плащ-палатка асынған жауынгердің мүсінінен құрылған. Биіктігі 7 метр шамасында бетонды плита түрінде орындалған. Плитаның табанында плащпалаткада, бас киімінсіз және иығына автомат асынған жауынгер мүсіні тұр. Стеланың жоғарғы жағында «Памяти павшим» сөздері жазылған. Ескерткіш темір бетоннан жасалған. Мүсін биіктігі 3 м, стела 7 метр.

